

ӘОК 316.422.4

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ: КИНОИНДУСТРИЯ БАҒЫТЫ

¹Алдабек Жансая Достыққызы, ²Әскербек Зарина Серікқызы

¹zhansaya_0725@mail.ru, ²zarinaaskerbek1@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

элеуметтану мамандығының 3 курс студенттері

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Тлеспәева

Бұл мақалада пандемия кезінде орын алған карантиндік режимнің жалпы әлемдік мәдениет пен Қазақстанның мәдениетіне ықпалы, әсіресе киноиндустрия бағытындағы салдары мен проблемалары қарастырылады.

Covid-19 пандемиясы әлемдік киноиндустрияға үлкен соққы болды. Көптеген фильмдердің көрсетілімі тоқтатылды, кинотеатрлар жабылып, халық карантиндік ережелерді ұстанған болатын. Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан онлайн-кинотеатрлар, онлайн-көрсетілімдер пайда бола бастады.

Негізгі ұғымдар: Covid-19, пандемия, карантин, киноиндустрия, кинотеатр, онлайн-көрсетілім, стриминг, блокбастер, прокат.

Covid-19 пандемиясынан еліміздің көптеген салалары, әсіресе экономикалық және элеуметтік, мәдени зардап шекті. Оның ішінде авиация, туризм, оқу орындары, қоғамдық тамақтану орындары секілді кинотеатрларға да карантиндік режимнің тигізген ықпалы зор болды. Халықтың ашық алаңдарға, көбінесе адамдар көп шоғырланған жерлеріне баруға тыйым салынды. Сонымен қоса мұражайлар да көптеген қиындықтарға ұшырады. Оларда онлайн форматқа өтуге мәжбүр болды. ЮНЕСКО мен Халықаралық мұражайлар кеңесінің (ИКОМ) мәліметтері бойынша мұражайлардың 90% жуығы (және бұл 85000-нан астам мекеме) карантин кезінде әртүрлі уақытта есіктерін жауып тастады. Бірақ-та оның да жақсы жақтары анықталған болатын, яғни, онлайн мұражайлар адамдарға ыңғайлы болып шықты, себебі егер интернет арқылы онлайн мұражайлардағы экспонаттарды қарайтын болсақ, арнайы бөлмелерде орналасқан әр заттың 3D моделін көріп, ол туралы мәліметтерді оқи

аламыз. Айта кететін болсақ, пандемия кезіндегі қойылымдар, театрлар да онлайн форматқа өте бастады. Мысалы, 27 жылдың 2020 наурызында Үлкен театр тарихта алғаш рет өзінің «алтын қорының» бұрын жазылған спектакльдерінің онлайн-трансляцияларын бастады. Трансляциялар Үлкен театрдың ресми YouTube арнасында географиялық шектеусіз өтті. Хабар тарату аяқталғаннан кейін жазбалар тағы 24 сағат бойы қол жетімді болды. Алғашқы алты онлайн-көрсетілім 134 елден 3 млн. жуық пайдаланушыны жинады. 2020 жылғы 13 сәуірдегі жағдай бойынша қараулардың жалпы саны 6,5 млн. Париждегі Лувр әлемге әйгілі мұражайға бірнеше виртуалды экскурсияларды ұсынды. Онда Луврдың сайтында сіз Ежелгі Египеттің экспозициясы мен король Луи XIV-ке арналған әйгілі Аполлон галереясында серуендей аласыз. Әлемдегі ең көп баратын Лувр Француз мұражайы (жылына 9,3 миллион келуші) онлайн-байланыстардың төрт есе өсуіне тап болды, олардың саны күніне 400 мыңға жетті. Метрополитен өнер мұражайы 360 градусқа видео түсіру технологиясын қолдана отырып дайындалған Дендур ғибадатханасына экскурсияға қол жеткізді. Жақында жоба авторлары қосылымдар санының 41,06% өскенін, YouTube хостингіндегі бейне таратылымының 150% артқанын, сондай-ақ музей сайтының әлеуметтік желілердегі танымалдылығының айтарлықтай өскенін атап өтті [1]. Пандемияның оң жақтары болғанымен де, оның осы салаға тигізген әсерін де ұмытпауымыз керек. Көптеген бос уақыт таба алмайтын адамдар үшін онлайн трансляция өте тиімді болғанымен, музейдің өзіндік керемет атмосферасын сезіне алмаймыз. Көрермен үшін басты қиындық осы болып табылады. Ал әлемдік нарықтағы мәдениеттегі шығындар туралы айтар болсақ, онда:

- Еуропадағы музейлер 75% дейін шығынға ұшырады. Еуропадағы шағын және орта мұражайлар аптасына 1000-5000 еуро, ал ірі мұражайлар аптасына 100-600 мың еуро шығын туралы хабарлады;

- Егер концерттер желтоқсанға дейін қайта басталмаса, салаға 8,9 миллиард доллар (COVID-19-ға дейін болжанғаннан 12,2 миллиард доллар) жетпейді.

- Сарапшылардың болжамы бойынша, Әлемдік киноиндустрияның табысы 2019 жылмен салыстырғанда 20-25% төмендейді. Яғни әлемдік нарықта 17 млрд долларға дейін шығынға ұшырады деп болжанады. [2]

Киноиндустрия бағытына келетін болсақ, кинотеатрларға осындай карантиндік шаралар мен ережелердің енгізілуіне байланысты әлемдік киноиндустриясында жаңадан сатылымға шығарылған фильмдердің шығыны өтелмеді. Дүниежүзінде және әртүрлі дәрежеде кинотеатрлар жабылды, кинофестивальдер тоқтатылды немесе кейінге қалдырылды, ал фильмдер шығарылымдары ауыстырылды немесе белгісіз мерзімге шегерілді. Кинотеатрлар жабылған уақытта дүниежүзілік кинотеатрлар миллиард долларға шығынға ұшырап, стриминг танымал болып, шығарылған фильмдердің саны азайды. Бастапқыда 2019 жылдың желтоқсан және 2020 жылдың наурыз айлары аралығында прокатқа шығуы жоспарланған көптеген кино блокбастерлері кейінге қалдырылды немесе тоқтатылды, ал фильм өндірісі күрт төмендеді.

Қытай киноиндустриясы 2020 жылдың сәуіріне қарай 4 миллиард доллар жоғалтты, бүкіл Азия кинотеатрына қолдау көрсетіп отырған Қытай Жаңа жылында барлық кинотеатрларын жауып тастады. 1978 жылдан бері ең төменгі кассалар Солтүстік Америкада болды [3].

Әлемдік киноиндустрия проблемалары

Кассалардағы шығындар пайызы 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында: Италияда 70-75%, Оңтүстік Кореяда 60%, Гонконг, Филиппин мен Сингапурда 35%, Тайваньда 30%, Лос-Анджелесте 20% құрады. Калифорния мен Невада ұлттық кино иелері қауымдастығының өкілі кинотеатрлар ашық қалады деп мәлімдеді; тарихи тұрғыдан кинотеатрлар басқа да төтенше жағдайлар кезінде ашық болып қалды. Алайда, 2020 жылғы наурыз айының алғашқы демалысында америкалықтардың басым бөлігі арасында жүргізілген сауалнама кинотеатрлардың жабылуын қолдайтындығын көрсеткен. 15 наурызда Deadline АҚШ-тың 100-ден астам кинотеатрының жабылғанын хабарлады, олардың кейбіреулері жергілікті ережелерге байланысты, ал басқалары сұраныстың күрт

төмендеуіне байланысты қызмет ете алмады; 2020 жылдың 17 наурызында халықтың көп жиналуына ұлттық шектеулер енгізіліп, бүкіл АҚШ кинотеатрлары жабылды. Алайда көрермендер өз көліктерінде отырып көруге болатын «драйв-ин» кинотеатрлары жабылмады және қайтадан танымал болды [4].

2020 жыл наурызының бірінші демалыс күні кассалық түсімдер 2019 жылдың демалыс күндерінен айтарлықтай төмен болды. «Капитан Марвел» 2019 жылдың наурыз айының алғашқы демалыс күндерінде шығарылды, ол тек осы демалыс күндері елде 153 миллион доллардан астам ақша жинады, ал 2020 демалысының ең үлкен фильмі - «Вперед», 39 миллион доллар жинаған. «Вперед» фильмінің өзі кез-келген Pixar фильмі бойынша ең нашар кіріске ие болды, ол 10,5 миллион доллар жинады, дегенмен ол демалыс күндеріндегі ең үлкен фильм және 10 миллионнан астам ақша тапқан жалғыз фильм болды. 2020 жылдың 19 наурызында Walt Disney студиясы мен Universal Pictures кинотеатрлары кассалық квитанциялар туралы бұдан былай есеп бермейтіндіктерін мәлімдейді. Сондықтан келесі күні Comscore өзінің кассалық есептері мен диаграммаларын белгісіз мерзімге тоқтататынын мәлімдеді.

2020 жылдың 26 наурызында Қытайда вирустың таралуы 0% -ға дейін төмендегеннен кейін кинотеатрлар қайта ашыла бастады; 250-500 кинотеатр жұмыс істейді деп хабарланды, бірақ келесі күні билік елдегі барлық кинотеатрларды қайтадан жауып тастады [5].

Қазақстанның Кинотеатрлар альянсының деректері бойынша, кинотеатрлар иелерінің бос тұрып қалу кезіндегі шығындары 5-15 млрд теңгеге бағаланады, ал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ақпараты бойынша, 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша бұл көрсеткіш 20 млрд теңгеге жетті. 2020 жылы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы 49 картина шығаруға 4,2 млрд теңге бөлді, оның ішінде: режиссер Ақан Сатаевтың «Боксшы», Әділхан Ержановтың «Адемока оқуы», Фархат Шәріповтың «Хардкор». 49 суреттің тек 11-і ғана қаржыландырылды [6].

Қиын экономикалық жағдайға байланысты кино өндірісінің шығындары азайды. Көп картина ауыстырылды және 2021 жылы түсіріледі, сондықтан кейбір жаңалықтар 2021 жылдың екінші жартысында ғана шығады. Фильмдерді көрсету бойынша қызметтерден түскен кірістер 2,3 есеге азайды – 11,2-ден 4,8 млрд теңгеге дейін – деп есептейді аналитикалық портал finprom.kz.

Елімізде пандемия кезінде киноиндустрия саласы біршама шегеуріндеп қалды. Оның ішінде шетелдік кино көрсетілімдер саны азайған болатын. Бастапқыда, карантиндік ережелердің орнауына байланысты, еліміздегі халық саны көп шоғырланған облыстардан бастап кинотеатрлар жабыла бастады. Оның алғашқы легінде Алматы қаласындағы «Silk Way City» және Семейдегі «Еңлік-Кебек» кинотеатрлары болатын.

Қазақстандағы кинотеатрлар 2020 жылдың қыркүйек айына қарай терең дағдарысқа ұшырады – пандемия басталғалы наурыз айында: жалға беруге тыйым салынды, алаңдар жабылды, табыс алып келетін барлық қызмет 22 наурызда Қазақстанның бас санитарлық дәрігерінің бұйрығымен тоқтатылды [7]. Дегенмен, пандемия кезінде 20 мыңнан астам қазақстандықтар кинотеатрларды қайта ашу туралы онлайн петицияға қол қойған [8].

Charlin Cinemas-та барлық залдардың жабылуына қарамастан, бас кеңседегі қызметкерлердің 50% құжаттама, бухгалтерлік есеп және құқықтық мәселелер бойынша қашықтан жұмыс істеуді [9]. Кинозал қызметкерлері – кассирлер, билетерлер, киномеханиктер демалыс алуға мәжбүр болды, олар қосымша жұмыс іздейді немесе өз еркімен кетеді. Осылай, көп адам жұмыс орнынан айырылды. Сонымен қатар, қызметкерлерін қысқартудан бөлек, қайта ашылған кинотеатрлар санитарлық талапты сақтауы қажет. Сәйкесінше, кинотеатрларда бетперде, антисептик, дезинфекция жасаушы құралдар және т.б. болуы шарт, осы мәселелердің барлығы да біраз қаржыны талап етеді. Үлкен қалаларда орналасқан кинотеатрлар өз жұмысын әрі қарай жалғастыра алатын болса, шағын ауыл-аймақта орналасқан кинотеатрлардың көбінің жабылуына тура келеді. Карантиндік режимде осындай шағын бизнес иегерлері коммуналды шығындармен қоса,

салық та төлеуге тиіс. Көрермендер немесе келушілердің мұндай аз көлемімен қаражат табу да қиынға соқтырады.

Санитарлық талаптарға сай кинотеатрлар қайта ашылғанымен, халыққа субъективті себептер де ықпал етуі мүмкін. Мысалы:

- Кинотеатрларға жиі бару әдетін жоғалту
- Онлайн-кинотеатрлар мен көрсетілімдерге көшу. Қазіргі кезде *Netflix, Apple TV+, Amazon Prime Video, YouTube Premium* секілді онлайн платформалардың жұмыс жасауы. Осындай программалар арқылы үйден шықпай-ақ, кино немесе фильмдерді көре аласыз.
- Жабық залдардағы көпшіліктен қорқу
- Талғамына сай кино немес фильмнің болмауы

Шетелдік кинодан бөлек, отандық кино-фильмдердің көбі енді ғана эфирге шығып жатыр. Оның ішінде прокатқа дайын жеті танымал киноны айтуымызға болады:

1. Олжас Ибраевтың «Любовь на миллион»;
2. Гүлнәр Сәрсенованың «Нартай»;
3. Нұртас Адамбаевтың «Келинка Сабина – 3»;
4. Жеңісхан Момышевтың «Базар жоқ, Мексика»;
5. Құралай Анарбектің «Тойхана»;
6. Айқын Төлепбергеннің «Где мое кольцо»;
7. Ернар Нурғалиевтың «Жаным, ты не поверишь» картиналары

Көрермендердің қауіпсіздігін кинотеатр қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар көрермендердің өздері де қамтамасыз етуі қажет. Қазіргі уақытта кинотеатрлар осындай талаптарға сәйкес жұмыс жасауда: қашықтықты сақтау, зарарсыздандыру құралдарының болуы, келушілердің температурасын өлшеу, кіреберістегі туннельді дезинфектор. Осыған сәйкес көрермендер қашықтықты сақтау, дезинфекциялаушы заттарды қолдану, бетперде режимін сақтау, қолды жиі жуу секілді ережелерді ұстануы керек.

Қорыта кететін болсақ, Covid-19 пандемиясы еліміздегі, жалпы әлем мәдениетіне үлкен серпілістер мен қиындықтар алып келді. Сонымен қатар, театр, музей, киноиндустрия салаларына көптеген жаңалықтар, өзгертулер енгізген болатын. Карантиндік шаралар кино саласына біршама шығындар алып келуімен қатар, көп кинотеатрлардың жұмысын тоқтатты. Халық қазіргі уақытта санитарлық ережелерді сақтап, кинотеатрларға барғанымен, көрермендер саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Қазіргі кезеңде пайда болып жатқан түрлі кино платформалар, бағдарламалар үй жағдайында кино немесе фильмдерді көруге мүмкіндік береді. Онлайн форматтағы іс-шаралар көрермендердің, жалпы халықтың пайдасына асты. Карантиндік режимде халықтың көңіл-күйін көтере білді. Болашақта осы бағыттағы тенденция әрі қарай жалғасуы ықтимал екендігі туралы айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://montsame.mn/ru/read/245029>
2. https://innoagency.ru/files/Prognoz_Culture%20And%20Creative%20Industries_Covid.pdf
3. <https://deadline.com/2020/03/china-orders-re-closing-of-all-cinemas-nationwide-1202894103/>
4. https://ru.wikipedia.org/wiki/Влияние_пандемии_COVID-19_на_кинематограф
5. [Hollywood movie studios suspend release of box office data after coronavirus slump, Reuters \(20 марта 2020\)](#)
6. <https://informburo.kz/stati/koronavirus-ne-chuma-kak-perezhivaet-pandemiyu-kinoindustriya-kazahstana.html>
7. <https://www.inalmaty.kz/news/2855549/kak-kinoteatry-v-kazahstane-perezivaut-karantin-i-otkrousta-li-osenu>
8. <https://esquire.kz/kazahstants-podpisvayut-petitsiyu-za-otkratie-kinoteatrov/>

9. <https://kk-kz.facebook.com/ChaplinCinemas/>